

БАСПАҚОЖЕ  
жазылу

222



ASTANA  
AQSHAMY

АСТАНА



## Достық пен махаббат дастаны



Кезінде талай адам тамсанып оқыған көрнекті ақын, Қазақстанның Халық жазушысы, Еңбек Ері Мұхтар Шахановтың «Танакөз» поэмасы Астанада сахналанды. Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры мелодрама жанрында ұсынған аталмыш туындының премьерасы екі күн бойы өтті. Спектакльдің тұсауқесеріне сексеннің сенгірінен асқан автордың өзі қатысып, ризашылығын жеткізді, батасын берді.

Қойылым режиссері Эли Бидахмет бұған дейін осы театрда ақыық ақын Мұқағали Мақатаевтың құнделіктерінен «Құнделік» лирикалық кешін, көрнекті жазушы Оралхан Бөкейдің шығармалары желісімен «Ауыл хикаялары» драмасын, белгілі ақын Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» туындысымен аттас спектакльді сахналады. Яғни, режиссердің қолтаңбасы әдеби шығармаларды театр сахнасына лайықтаумен ерекшеленеді. «Танакөзді» сахналағанда да алдына белгілі мақсат қойды. «Меніңше, қазіргі біздің қоғамда «Танакөз» поэмасында көтерілетін тақырып өте өзекті. Шынайы достық жоғалуға айналған осы өмірде автордың өзі айтқандай, сана биігінде жолықкан ғашықтарды көрсеткіміз келді. Сондықтан бұл шығарманы тандадық» дейді ол.

«Танакөз» поэмасын оқығандар билетіндей, шығарманың негізгі арқауы – достық пен махаббат. Мұхтар Шахановтың ең танымал туындыларының бірі осы дастан деп айтсақ, қателеспеспіз. Әсіресе, өткен ғасырдың соңғы ширегінде бұл шығарманы жүрт жата- жастана оқыды. Поэма әсерімен туған қыздарына Танакөз деген есім бергендер де бар. Мәселен, белгілі ақын Танакөз Толқынқызының есімі осы шығармадан тамыр тартады.

«Үшеу едік. Қайда барсақ қасымызда – Танакөз, Танакөзбен көңілді еді біздің ерке бала кез» деп автор жырлағандай, спектакльде оқиғалар Мұрат пен Мұхтар атты қос дос пен орталарындағы «гүл» Танакөз арасында өрбиді. Шығарма адап достық қандай да бір сын-сынақты, қызғанышты жеңіп

шығатынын, адамның басына ауыр күн туғанда шын дос тастап кетпей, қасынан табылатынын дәрітейді.

Поэма сонысымен қунды.

Танымал туынды болған соң, оның үстіне премьераға автордың өзі қатысқаннан кейін қоюшы режиссер де, актерлер де жауапкершілік жүгін жақсы сезінді. Спектакльден артық-аудиос ештеңе байқамадық. Эртістер де өздеріне бекітілген кейіпкерлерді әсерлі сомдал шықты. Атап айтқанда, Мұхтарды Серік Мақсотов, қос құрамда Мұратты Әмірхан Оразбақ пен Дарын Прекеш, Танакөзді Ділназ Ертаева мен Ділназ Қабдырова беріле ойнады.

Мұхтар Шаханов «Вальс королі» атанған Шәмші Қалдаяқовтың әндеріне сөз жазғаны белгілі. Екеуінің тандемінен «Арыс жағасында», «Ақ бантік», «Сүйимегендер сағынбайды», «Арқалықтың ақ таңы», тағы осы секілді әндер дүниеге келді. Шәмшінің музыкасы спектакльден әсерді одан әрі күшайте түседі.

Жалпы қазіргі жастарды кітап оқуға, көркем әдебиетке осындай өміршен туындыларды театрда сахналау арқылы тартуға болады еken. Осылайша үрпақ тәрбиесіне де он әсерін тигізуге болады. Спектакльді көрген жастардың біреуі болмаса, басқасы шығарманы кітаптан оқымын деп ізденуі мүмкін. Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрында соған жол салынды. Алда жалғасы болғай!

**Аманғали Қалжанов**